

## References

- 1 *Aibyn. Encyclopedia. Bas red. B.O.Zhakyp*, Almaty: Kazakh encyclopediacy, 2011, p. 725.
- 2 Koigeldiev M. *Alash movement (Auxiliary textbook)*, Almaty: Sanat, 1995, 368 p.
- 3 *Alash. Alashorda. Encyclopedia / Kurast.:* G.Anes, S.Smagulova, Almaty: Arys, 2009, p. 28, 29.
- 4 Tolepbergen B. *Forever young — Idea of Alash: Publicistic research works and articles*, Almaty: Almaty baspa uiy, 2008, 304 p.
- 5 Abzhanov H. *Evolution of the national idea in the movement of Akash // Kazakh intelligentsias in the beginning of the XX century: Materials of the Scientific practical conference dedicated to the 90<sup>th</sup> anniversary of the Alash movement.* — Karagandy: Glassir, 2008, p. 5.
- 6 Kudyshev O. *Ortalyk Kazakhstan*, 1989, Feb., 12.
- 7 Erzhuman S. *Egemen Kazakhstan*, 2011, Feb., 23.
- 8 KR UKK № 600 is koritindisi, Almaty, 1998, Feb., 11.
- 9 *Zhagypar Adiletin Makhmet Temirulymen sukhbaty // Kobetei*, 2011, 7 may (zheke muragattan).
- 10 Temiruly M. *Arman men azap. Estelik*, Almaty: Sanat, 1998, p. 160.
- 11 Zhagypar A.B. *Burkit Yskakov is a founder of the «ESEP» party «Powerful Independence is a sign of an eternal state» materials of Scientific practical conference, Zhazkazgan*, 2011, p. 86, 87.
- 12 Abdakimuly A. *The history of Kazakhstan (from the ancient times up today). Textbook. The second edition*, Almaty: ZhShS «Kazakhstan» baspa uiy, 2005, 608 p.
- 13 *Zhagypar Adiletin Zhappar Omirbek kyzy Nargulmen sukhbaty*, Almaty, 2012, Yuly, 14 (zheke muragattan).
- 14 *Zhagypar A.B. Zeinolla Igilekuly is a continuator of the party ESEP — «Political and social state of Kazakhstan in the 30<sup>th</sup> of the XX century: famine and the repression history. Collection of articles*, Astana: Alsem-Astana, 2012, 240 p.
- 15 *Zhagypar Adiletin Kamel Zhunistegimen sukhbaty // Aksu Aiuly*, 2012, Feb., 3 (zheke muragattan).
- 16 КОММ К. 538 п., Тиз. 1, Ис. 18, p. 66–82.
- 17 Nazarbayev N.A. *In the flow of history*, Almaty: Atamura, 1999, 296 p.

ӘОЖ 94 «14/15» (574)

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

### **Қадырғали Жалаири — орта ғасырдағы қазақтың ғұлама тарихшысы, белгілі биі және мемлекет қайраткері**

XVI ғасырда өмір сүріп қызмет атқарған қазақтың ғұлама ғалымы және биі Қадырғали Жалаиридің ғылыми және мемлекеттік қызметі суреттелген. Оның орта ғасырлардағы қазақ даласында орын алған тарихи оқиғаларды тұңғыш рет мемлекеттік тілде қорытып талқылаған басты шығармасына толық баға берілген. Қадырғали Жалаиридің жеке өмірін, ғылыми және мемлекеттік қызметін зерттеуге арналған отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектері талданған.

*Кілт сөздер:* жазбаша тарих, ғалым, мұра, ортағасырлық деректер, жылнамалар, тарихи ескерткіш, бағалануы, зерттеу.

### *Kipicne*

Қызыл империяның тұсында орыс тарихшылары шындықты жасырып, тарихымызды бұрмалап көрсетті. Дәл, дұрыс баяндайтын шежірелерді ел көзіне көрсетпей, оқуына мүмкіндік бермей тығып тастады. Тек өз алдымызға егемен ел болғалы бері шындықтың шымылдығы айқара ашылды.

Қазақ халқы мемлекеттік тәуелсіздігінің арқасында өзінің тарихи, рухани және мәдени құндылықтарына ие бола бастады. Соңғы жылдары елдің бұрынғы атақты батырларына, ұлы қайраткерлеріне және ғалымдарына іздеу салып жатырмыз.

Қазақта ауызша тарихпен бірге жазбаша тарих та болды. Оның негізін салған, XVI ғасырда өмір сүріп, түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының сол дәуірдегі ата тарихын хатқа түсіріп, артына өшпес мұра қалдырған тарихшы, ғұлама ғалым Қадырғали би Қосымұлы Жалаири (кейде Жалайыри деп те жазылып жүр).

Тәуелсіздігіміздің арқасында «Қадырғали би Жалайыри» қоры көп жылдан бері дарынды данамыздың еңбектерін жинап, зерттеп, жарыққа шығарды. 2007 жылы Алматыда Х.М.Ғабжалилов басқарған Алаш тарихи-зерттеу орталығынан екі томдық «Жалайыр» деген атпен шыққан еңбекте Қадырғали би туралы өте құнды деректер басылды.

Тағдырдың жазуымен өмірінің көпшілік бөлігі өзге ел, өзге жерде өткенімен Қадырғали Жалаири өзінің туған елін, халқының мұрат-мақсатын қашанда жадында ұстады. Ол қазақ жұртының тарихын тарқататын, кейінгіге нұсқа болатын «Жамиғ ат-Тауарих» («Жылнамалар жинағы», немесе «Шежірелер жинағы») атты кітап жазып қалдырды. Ал белгілі отандық ғалымдар Р.Сыздықова мен М.Қойгелдиев (Қойгелді) кемеңгер тарихшының кітабын жан-жақты зерттеп, «Қадырғали би Қосымұлы және оның «Жылнамалар жинағы» атты монографияны жарыққа шығарды. Қадырғали бидің кітабында халқымыздың шығу тарихы ғылыми тұрғыда баяндалған. Өзінің көрген-білгенін, көкейге түйгенін жазып қана қоймаған. Өзінен бұрынғы шығыс елдеріне кеңінен танымал Парсы мемлекетінде министр қызметін атқарған Рашид ад-Дин еңбегінен («Джами ат-Тауарих» атты кітабы) қазаққа қатысты жерлерін аударып, шығармасына арқау еткен.

Рашид ад-Диннің еңбегі екі кітаптан тұрады. Соның бірінші бөлімінің қысқартылған нұсқасын аударып, өз еңбегіне қосқан. «Қадырғали би Қосымұлы және оның «Жылнамалар жинағы» атты кітаптың авторларының айтуынша: «Мұнда түркі-монғол тайпаларының Шыңғыс хан империясы құрылғанға дейінгі қоғамдық өмірі, Шыңғыстың тоғызыншы атасы Бұланжардың өмірге келуі және оның Шыңғысқа дейінгі ұрпақтары жайлы аңыз, Шыңғыстың өмірбаяны және оның Газан ханға дейінгі ұрпақтарының тарихы баяндалады. Шыңғыстың яса-зандарын қосқанда мұнда барлығы 24 дастан берілген.

Аудармада объективті себептерге байланысты орын алған кемшіліктер бар екендігін айта келіп, сонымен бірге оның өн бойынан нағыз жазушылық, аудармашылық таланттың ұшқындарын байқауға да болады. Қадырғали би «Джами ат-Тауарихты» еркін аударып қана қоймай, ұлы шығармада берілген адам, өзен-су, жер аттарына да анықтаулар енгізген, сондай-ақ халық арасында өз заманына дейін сақталып келген деректерге сүйене отырып, ол Рашид ад-Дин еңбегінің қайсыбір детальдарын толықтыра түскен» [1; 35].

Би еңбегінің құндылығы қазақ тарихына тән ортағасырлық деректердің мол болуымен ерекшеленеді. Сондықтан да орыс тіліне аударушылардың бірі А.А.Ромаскевич Жалаиридің еңбегі туралы кезінде былай деген: «...При установлении чтения собственных имен хулагуидских ханов очень много помог татарский текст «Сборника летописей», изданный И.Н.Березиным» [2; 4]. Ал Шоқан Уәлиханов сөзімен айтсақ: «Қазақ тарихына қатысты деректердің молдығы жағынан «Жылнамалар жинағына» иықтасар ештеңенің жоқтығы күмән».

#### *Қадырғали би Қосымұлының өмірі туралы мәліметтер*

XV ғасырдың орта кезінде Өзбек хандығынан бөлінген қазақтар ноғайлы-түрікмен секілді тайпалармен бірігіп, өз алдына жеке мемлекет құра бастады. Алғаш бұл бірлікке ертедегі Түрік қағанатының негізін қалаған көне рулар: қаңлы, қыпшақ, үйсін, дулат, қоңырат, албан, суан, жалайыр сияқты тайпалар кірген еді.

Қазақ мемлекетінің құрамына енген жалайыр тайпасы ертеден белгілі. Орта ғасырларда жалайырлар Түрік қағанатының негізін қалауға, кейін Орта Азия мен Персияда жаңа әулеттердің құрылуына ықпалын тигізіп, сол әулеттердің орнығып нығаюында белгілі рөл атқарып отырған. Монғол тарихшысы Саган Сэцэннің (1604–1662) жазбаларына сүйенсек, Шыңғыс ханның заманынан бастап жалайырлар хан ордасына жақын жүріп, ерекше олжаға ие болып отырған.[3; 15].

Жалайыр руы, негізінен, төрт тармақ ретінде, Шу, Сыр, Ангрен-Шыршық, Қаратал-Жетісу бойында орналасқан.

XVI ғасырда көптеген тарихи еңбек жазған ғұлама ғалым һәм мемлекет қайраткері Қадырғали би Қосымұлы Жалаири осы тарақ таңбалы Жалайыр руынан шыққан. Ол өз руының атын ата тегі етіп алған. Оның есімі мен шығармасы тарихи әдебиеттерде осы күнге дейін түрліше жазылып келген. Мәселен, оның атын бірде Қадырғали, Қыдырғали, Қадыр Әлі, Қадыр Али, Қадырғали бек Хошимұлы десе, бірде өзінің шыққан руының атымен Жалайыри немесе Жалайырлық деп атаған. Сол сияқты оның еңбегі де бірде «Джами ат-Тауарих», бірде «Жами-ат-тауарих», бірде «Жамиғ ат-Тауарих» немесе «Жылнамалар жинағы» деп әр түрлі аталып жүр.

Бізге жеткен деректерден Қадырғалидың әкесінің аты да бірде Қасым, ал енді бірде Хосым, тіпті кейде Қосын, Көшімбек болып та жазылып жүргенін байқаймыз.

«Мұсылман ғалымдары» атты жинақта: «Қадырғали Қосынұлы (Қосымұлы) Жалайыри 1530 жылдары туып, 1605 жылдары шамасында қайтыс болған. Өз өмірі туралы өте аз мәлімет қалдырған. Біздің қолымызда бар деректер бұл құрметті адамның өмірін баяндау үшін жеткіліксіз», — деп жазылған [4;87]. Ал «Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық» деген еңбекте мынандай дерек келтірілген: «Қадырғали Жалайыри, Қыдырғали Қосымұлы Жалайыри, (1555–1607) — орта ғасырдағы қазақ халқының ғұлама ғалымы, белгілі биі. Жалайыр тайпасынан шыққан. Жалайыри атануы осыдан. Ата-бабалары Қарахан заманынан бері үздіксіз хан нояндары, уәзірлері, батырлары болып, аталық қызметін атқарған. Әкесі Қосым бек, атасы Темшік батыр атанған» [5; 366].

Қадырғалидың қазақ даласында өткен жастық шағы тарихқа белгісіз. Ол хан ордасының қағазын жазып, жас сұлтандарға тәлім-тәрбие беру ісін басқарған. Ханның қарашысы (ақылшысы, кеңесшісі) ретінде іс атқарған адам. Қадырғалидың ата-бабалары және өзі хан ордасына жақын болғандықтан, ол үшін XV-XVI ғасырлардағы қазақ хандықтары жайында тарихи шығарма жазу оған онша қиынға түспеген және бұл шығармада шындықтың, ақиқаттың көбірек болуына мүмкіншілік туған.

Жалаиридің ауылын қалмақтар шауып, Шығай ханның баласы, Тәуекел ханның інісі әскер басы Ондан сұлтан жау қолынан өлген соң, 13 жасар баласы Оразмұхаммедті (Оразмәмбетті) ертіп, ауыл аймағымен Сібір ханы Көшімнің қол астына көшіп барады. Онда ол төбе би болып сайланады. Өзінің «Жылнамалар жинағында»: «Менің аталарым Оразмұхаммед сұлтанның аталарына қызмет етті. Өзім Оразмұхаммедтің әкесі Ондан сұлтанға қызмет еттім, одан соң Оразмұхаммедтің қасында болдым», — деп жазады [6; 198].

Қадырғали ана тілімен қатар араб, парсы тілдерін жетік игеріп, Шығыстың классикалық озық әдебиеті мен мәдениетін, ғылымын терең білген... «Мен дүние жүзіндегі неше түрлі мемлекеттерді аралаған әділ үкім, нақыл сөзге қанық көптеген кітаптар оқыған адаммын», — деп жазған ол «Жылнамалар жинағында». Қадырғалидың ғұлама ғалымдығы мен даналығын бағалаған Көшім хан оны өзінің ақылгөй кеңесшісі еткен [7; 74].

Бұл жерде олар (Қадырғали мен Оразмұхаммед) Көшім, Сейдақ (Сейтек) сұлтандармен бірігіп, Сібірді жаулауға келген Ермак әскерлеріне қарсы күреседі. Бұл күресте, әсіресе, Қадырғали Қосымұлы ерекше тапқырлық көрсетеді [8; 97].

Қадырғали Қосымұлы Сібір князі Сейтектің (Сейдақтың, Сейдектің) де кеңесші биі болған. Кейіннен Көшім ханға қарсы шығып, ол Ораз-Мұхаммедпен бірге Сейтеппен жақындасқан. Сөйтіп, оның мәртебесін көтеріп, беделін арттырған [5; 366].

Орыс жылнамаларында былай деленген: Сейдекке (Сейтекке) «Қазақ ордасының бір ханзадасы (Ораз-Мұхаммед) мен Қараш мырза (бұл арада Қадырғали Жалаири осылай аталып отыр) келгеннен кейін, ол күшті болып алды...» [7; 74].

1580 жылдан бастап Қадырғали Ораз-Мұхаммедтің (Оразмұхаммедтің) қарашысы болады. 1588 жылы Ораз-Мұхаммед екеуі Ертіс бойында «тұйғын салып, аң аулап жүріп», Сібір воеводасы Даниил Чулковтың қолына тұтқынға түседі де, сол жылы аманат ретінде Мәскеуге әкелінеді. Қазақ ханы Тәуекел өз туысы Ораз-Мұхаммедті сұратып, орыс патшасына сан рет елші жібереді. Бірақ орыс патшасы Ораз-Мұхаммед пен Қадырғали Қосымұлын өз еліне қайтармайды. 1588 жылдан 1598 жылға дейін олар Мәскеуде, патша сарайында болады. Оған себеп болған нәрсе тағы да Ораз-Мұхаммед сұлтан. Өйткені, ол Ресей патшасының қарамағына келгеннен кейін шведтерге қарсы, Қырым хандығына қарсы жасалған көптеген жорықтарға қатысады. Осы жорықтарда ерлік көрсетіп, көзге түседі. Соның үшін Ресей патшасы Борис Годунов Оразмұхаммедті Қасым қаласына әмір етіп сайлайды [4; 88].

Ораз-Мұхаммед осы қалада бірнеше жыл хандық құрады. Қ.Жалаири оның төрт уәзірінің бірі етіп тағайындалады. Осы кезде Қадырғали Қосымұлы тікелей ғылыммен шұғылданады.

Жалаири Қасым қаласында 1600 жылы өзінің атақты «Жамиғ ат-Тауарих» («Жылнамалар жинағы») атты шежіре кітабын жазуды бастап, оны 1602 жылы аяқтаған. Шежіре 157 бет, қытай қағазына ұқыптылықпен жазылған. Бұл шығарманың бізге белгілі данасы Қазан университетінің кітапханасында сақтаулы (каталог № 10422). Бізге белгілі бұл дананың өзін Қадырғали өлгеннен кейін 1641–1642 жылдары аты-жөні белгісіз бір адам көшірген. Осы қолжазбаны Н.И.Ильминский түркі-шағатай (ескі қазақ) тілінен орыс тіліне аударған. Н.Ильминскийдің аударған мәтін басылып шықпаған. Ол текст қазір қайда екені белгісіз. Ал көне текстің түпнұсқасын 1854 жылы И.Н.Березин өзінің шығармаларының екінші томына енгізіп, факсимилие (фотокөшірме) түрінде басып шығарған [8; 99,100].

Ғалым өз шығармасын Шығыс ғұламаларының дәстүрі бойынша орыс патшасы Борис Годуновқа арнаған [5; 366]. Алайда ол кітаптың Мәскеу патшалығына берілгендігі жөнінде ешқандай мәлімет жоқ.

Қадырғали Қосымұлы Жалаиридің (Жалайыридың) өмірі туралы қысқаша дерек осы.

*Жалаиридің шежіресі — ертедегі қазақ тілінде жазылған тұңғыш тарихи шығарма*

Шежіре қазақ тілінде алғаш 1989, одан соң 1991, 1997 жылдары жарық көрді. Сөйтіп, Қадырғали Жалаири шығармасы шым-шырғасы шықпай оқырман қолына тиді.

Жазбаның бас жағы Борис Годунов патшаға мадақ, орта тұсы Рашид-ад-Дин шежіресінің ықшам баяны, аяғы Орыс хан мен Оразмұхаммед аралығындағы оқиғаларды қамтыған Шыңғыс ұрпақтарының тарихы. Жалаири шежіресі Рашид-ад-Дин жазбасының көшірмесі емес. Көлемі шағын, бірақ тың тараулары бар жеке тарихи жазба [5; 248].

Жалаиридің бұл еңбекті жазудағы негізгі мақсаты — өз әміршісі Шыңғысхан ұрпағы — Ондан сұлтанның баласы Оразмұхаммедтің хан тағына лайық екенін дәлелдеу. Екінші бір мақсат: «...Патша Борис Федоровичтің мәңгі әділдігін, ақтығын айту және тағы жоғары мәртебелі Оразмұхаммед ханды жоғары мәртебелі патшаның құрметпен хандыққа отырғызғанын көрсету үшін жазылды» (Березин И.Н. Библиотека восточных источников. Т. 1. — Казань, 1854).

Кітаптың негізгі бөлімі XII ғасырдан XVI ғасырға дейінгі қазақ жеріндегі оқиғаға арналған. Автор: «Ертедегі оқиғаларды парсы тіліндегі «Шыңғыс-Зададан» қазақшаға аудардым. Ал одан кейінгі оқиғаларды Аллаһтың қуатының арқасында өзімнің зерттеуімше жаздым» деген. Бұған қарағанда кітаптың бірінші бөліміндегі баяндалған оқиғалар Рашид-ад-Диннің белгілі «Жамиғ ат-Тауарих» атты парсы тіліндегі еңбегінен қазақ тіліне аударылған да, ал екінші бөліміндегі оқиғалар — қазақтың XVI ғасырдағы тарихына байланысты жазған беттері — бірінші қазақ тарихшысының өз қаламынан шыққан. Қазақтың орта ғасырдағы тарихымен шұғылданушылар үшін тың мағлұмат беретін өте бағалы бөлімі — осы Қадырғалидың өзі жинап, өзі зерттеген, көзімен көріп, заманның куәгері болған дәуірі — XVI ғасыр [4; 90, 91].

«Жылнамалар жинағының» екінші бөлімінде:

Ғалым XVI ғасырдың басынан бергі қазақ хандықтарының ішкі, сыртқы жағдайларына тоқталады. Қазақ хандарының саяси-әлеуметтік жағдайы туралы көптеген мағлұмат береді:

а) Орыс хан туралы былай деген: Оны «барлығы аға тұтып, патшалыққа отырғызды. Одан соң Орыс хан Алатау төңірегіне қоныс тепті. Ол жер өте үлкен және биік тау еді және онда жақсы жайылымдар, сулар мен бұлақтар да көп болған... Отырар, Сайрам шаһарлары... Шу, Талас, Ыстықкөл, Теклік әуләяттары болған. Халқы өте көп, іргелі, мықты, даңқты және батыр болған»;

ә) автор бұдан кейін Құйыршық хан, Барақ сұлтан, Кіші Жәнібек, Қасым хан жайында баяндайды. «Оразмұхаммед Орыс ханнан Жәнібек ханға дейін төртінші буын еді» — дейді. «Шығай хан батырлығымен мәлім болды. Оның ұлы Ондан сұлтан ержүрек, батыр, садақ атудың керемет мергені еді. Әрқашан сыртқы жауларға қарсы күресте көп ерлік көрсетті... Ақырында қалмақтармен шайқаста отыз жасқа келген жігіт шағында шаһит болды», — деп жазды;

б) Қадырғали Қосымұлының еңбегі қай сұлтанның, қай ханның, қай жерде шаһит болғанын, жерленгенін көрсетуімен де құнды. Тәуекел ханды «ислам мемлекетінің басшысы» деп атаған. Ондан сұлтан шаһит болғанда Оразмұхаммедтің он үш жаста жетім қалғанын айтады. «Он алты жасында жалпы христиан басшысы Борис Федоровичке қызмет істеуге дайын болды» дейді. (Оразмұхаммед 1610 жылы Лжедмитрий мен Василий Шуйский арасындағы қантөгісте ерлікпен көз жұмған) [9; 76].

Жалаири Шығыс елдеріне, оның шаһарларына шолу жасап, қазақ сахарасын мекендеген Жалайыр, Арғын, Қыпшақ, Қаңлы, Найман, Қоңырат, Алшын секілді т.б. түркі тайпаларына анықтама береді...

Шығармада қазақ тайпаларының халық болып қалыптасуы, оның тәуелсіздігі үшін жүргізген күресі, халықаралық жағдайы, тағы басқа мәселелер суреттеледі.

Тарихи еңбекте XVI ғасырда қазақ еліндегі рулық, патриархалдық-феодалдық қатынастың қаншама дамығандығы көрсетіледі. Тарихшы ханның төңірегіндегі сұлтандар мен қарашылар, бектер, мырзалар, аталықтар мен данышпандар, хафиздар сияқты түрлі әлеуметтік топтарға тоқталады.

1. «Шежірелер жинағында» көптеген адам аттары (Жаған бикен, Қанық ханым) кездеседі. Біраз қызық деректер келтіріледі: а) шығыс билеушілерінің жұбайлары мен қыздары «хатун» титулын иемденген туралы: Мунулун хатун (Дутум Мәнәннің әйелі), Томалун хатун (Шыңғыс ханның қызы); ә) бұл лауазымның өзге тілдік нұсқада да қолданылғаны туралы, олар: фужин — қытай сөзі,

мағынасы — «әміршінің жұбайы»; Бөрте фужин (Шыңғыс ханның ең бас бәйбішесі); б) сондай-ақ «ақа-аға» сөзі туыстық сөз болуымен қатар, титулды білдіретін сөз ретінде де қолданылғаны туралы: Булад аға, Сүйінчәк аға, Кәлміш ақа. Бұл сөз қазақ хандығында да әскер басшысы деген ұғымға тура келген [3; 16].

2. Қадырғали өзінің еңбегінде Қамбар сұлтан жөнінде әңгімелей келіп былай дейді: «Қамбар сұлтан өмірінде Қасым ханның тобығында жүрді. Ол ешуақытта хан болуға тырысқан емес. Қамбар сұлтан ылғи сақта болып, әскерді басқарған адам. Оның тұқымдары да хан болған емес». Бұл деректерге қарағанда, қазақтың батырлар жырында көп жырланатын атақты Қамбар батыр — әскери адам, хан әскерінің басы, ол Қазақ хандығының жерін, шебін қорғауға, халқын, ел-жұртын қорғауға бар өмірін сарп еткен адам деп топшылауға негіз бар [8; 103].

Жалаири еңбегінің тарихи ескерткіш болуымен қатар, тіл тарихын зерттеуде де мәні зор екенін көре аламыз. «Жылнамалар жинағының» авторы қазақтың бай тілін жақсы меңгерген. Ол көрген-білгенін шеберлікпен суреттей білген, жақсы сауатты жазушы болған. Сондықтан бұл еңбек тек тарихи мұра ғана емес, сонымен бірге бағалы әдеби шығарма. Бұл еңбек тарихи және әдеби ескерткіш болумен қатар, қазақ халқының рухани байлығының ең басты және бай саласы — тіл тарихын зерттеуде де мәні зор. Кітапта көптеген жер-су аттары, түрлі мақал-мәтелдер көп кездеседі білген.

Халқымыздың қадірменді ұлы Қадырғали Жалаиридің қаламынан туған көне қазақ тіліндегі тарихи еңбектің қысқаша мазмұны осындай. Біздің ойымызша, бұл еңбекке және оның авторына біз тарихи тұрғыдан, атап айтқанда, XVI ғасырдың өлшемімен қарауымыз керек. Ал бұл тұрғыдан алғанда, Қадырғали би Қосымұлының «Жылнамалар жинағының» мәні өте зор.

*«Жылнамалар жинағының» ғылыми құндылығын әйгілі ғалымдардың бағалауы*

Белгілі ғалымдар Жалаиридің еңбегінің ғылыми құндылығын жоғары бағалап, оны Орта Азия мен Монғолияның көптеген көрнекті тарихшыларымен тең дәрежеде деп санаған. Әсіресе Қадырғали Жалаиридің ғылыми еңбегін атақты орыс ғалымдары, Қазан университетінің профессорлары Н.И.Ильминский, И.Н.Березин, академик В.В.Вельяминов-Зернов және Ш.Уәлиханов жоғары бағалаған [10; 99–100].

Қадырғали шығармасымен Ресейде алғаш танысқан ғалымдардың бірі — шығыстанушы, академик Х.Д.Френ. Ол шығарманың Тәуекел ханның немере інісі, Қасымов хандығының ханы Онданұлы Оразмұхаммедтің сандығында сақталған Қосымұлының өз қолымен жазған түпнұсқасымен таныс болған. Х.Д.Френ Ибрагим Халфинге Абылғазы еңбегін осы нұсқамен салыстырып оқуға кеңес берген [1; 9].

Жалаиридің тарихи еңбегінің ғалымдар назарына ілінуі XIX ғасырда өмір сүрген татар ғалымы Ибрагим Халфиннің есімімен тығыз байланысты. Ол бұл еңбектің бір көшірмесін 1819 жылы Қазан университетінің кітапханасына тапсырған. И.Халфин тапсырған жалғыз көшірме данасын Шығыс қолжазбалар жинағына бастырғанда профессор И.Н.Березин былай деп алғы сөз жазыпты: «Біз шығармаға қандай ат берілгенін білмейміз, бірақ кітаптың негізгі бөлігі Рашид ад-Диннің әйгілі туындысының қысқаша аудармасынан тұрғандықтан, біз оның атын да қолжазбамызға бере аламыз» [11; 60].

Сонымен, бабамыз жазған туындыға құрметпен қарап зерделеген ғалымдар ішінде орыс шығыстанушысы И.Н.Березиннің (1818—1896) орны бөлек. Қадырғалиды татар жылнамашысы дей отырып, ол осы дүниені 1854 жылы «Жамиғ ат-Тауарих» деген атпен жариялаған. Өйткені әуелде қолжазбада шығарма аты көрсетілмеген-ді. Орыс ғалымы шығарманың мазмұнына қарап, бұл дүниенің монғол хандарының уәзірі болған парсы жылнамашысы Фазл Аллаһ Ибн Әбу-л-Хайр Рашид ад-Дин (1249–1318) қаламынан туған «Жамиғ ат-Тауарихқа» ұқсас болуына орай, Қадырғали шығармасына да сондай ат бере салған.

Қ.Жалаиридің «Жамиғ ат-тауарихының» негізгі тарауларын алғаш орысшаға аударып, оған түсінік берген ғұлама ғалым Шоқан Уәлиханов. Аса көрнекті ағартушы: «Күмән жоқ, қазақтар туралы ең алғаш дерек Березин бастырып шығарған «Жылнамалар жинағында» кездеседі («Жылнамалар жинағы» (Жалаири). Шығыс тарихшыларының кітапханасы. Издание профессора И.Н.Березина, т. II, ч. I, Казань, 1854). Осы басылым қазақтардың өткені туралы ең құнды, алғаш жазба ескерткіш. Мұнда нақты тарихи деректер аз болғанымен, қазақ хандары мен сұлтандарының ата тегі бар.... Қазіргі қолда бар деректерді, ел аузындағы аңыздармен, ноғайлармен қарым-қатынас жайлы орыстың елшілік актыларды Жалаиридің «Жамиғат-ат-тауарихымен» салыстырған жөн.

«Жылнамалар жинағы» Ораз-Мұхаммед Қасым қаласын билеп тұрғанда, нижраның 1000 жылында, Борис Годуновтың патшалығы соңында жазылған. Жылнама авторы Қасым қаласы билеушісі Ораз-Мұхаммедпен бірге болған, аты-жөні белгісіз..., бұл жылнама таза араб тілінде жазылған, аударма сөзбен... және тілмен, дегенімен, өзбектердікі (XV–XVI ғасырларда қазақтарды өзбек деп те атаған), далалық теңеулер мен мәтелдерге тұнып тұр.

Елден алыстағы қайғы, сағынышын Ораз-Мұхаммедпен бөліскен автор, ханның хатшысы сайланады. Автор былай дейді: «Бұл жылнаманы Борис Годунов патшаның жебеуші, қонақжайлылығы құрметіне арнап жаздым... Кейіннен Қасым қаласының билеушісі болған Ораз-Мұхаммед сұлтан — Ондан сұлтанның баласы, қазақ пен қалмақтардың ханы Тәуекелдің немересі. 1587 жылы Ораз-Мұхаммед және Сібір ханының баласы — ханзада Сейтекті Даниил Чулков деген әскер басы тұтқындайды.

«Сібір жылнамаларында» Ораз-Мұхаммедті — ол Қазақ Ордасының ханзадасы, сұлтаны дейді. Сол жылы тұтқындар Москваға жөнелтіледі, Борис патша оларды өте жақсы қабылдап, бірнеше жылдан соң Ораз-Мұхаммедті Қасым қаласының ханы етіп тағайындайды. Жылнама-кітап авторының сөзіне қарағанда, ол Ораз-Мұхаммедтің жерлесі болса керек және автордың (тарақ таңбалы) Жалайыр руынан екені айтылады. Борис Федоровичтің ханзадаға деген кішіпейіл ілтипаты мен мейімі арқасында осы кітап дүниеге келді дейді автор. Автордың өзі туралы осы сөздеріне жүгінсек, оның Ораз-Мұхаммед сұлтанның жерлесі, шыққан тегі тарақ таңбалы, ең басты жалайыр руынан екенін білеміз. Жалайырлар қазақтың ең басты руы, Ұлы жүз құрамына кіреді», — деп жазған [12; 122–123].

Шоқаннан кейін Қадырғали Жалаиридi еске салған еңбек Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романы болды. Халқымыздың тарихынан ойып орын алуға тиіс Ораз-Мұхаммед сұлтан мен Қадырғали Жалайыр бекті ел-жұртымен қайта табыстырған бұл шығармаға 1984 жылы Мемлекеттік сыйлық берілгені белгілі. Мұханның кейінгі «Қазақ тарихының әліппесі» кітабында Қадырғалиға бір тарау арналған [13; 156, 157].

Халқымыздың тарихын жалықпай зерттеп, том-том бағалы кітаптар шығарып, қазақ өркениетінің өсуіне жойқын ықпал еткен шамшырақтарымыздың бірі және бірегейі — академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Әлекең халқымыздың өркениеттік қалыптасуы мен жетілуін зерттеуде ортағасырлық тарихшылар Мұхаммед Хайдар Дулати мен Қадырғали би Қосымұлының еңбектеріне иек артқан. Әсіресе Әлкей Хақанұлының қазақ тарихына қатысты зор көңіл аударған еңбектерінің бірі — Жалаиридiң «Тарих-и Оразмұхаммед» атты еңбегі. Бұл еңбектің дерек көзі ретінде Қазақстанда арнайы талданылуы Ә.Марғұлан есімімен байланысты. «Күміс сандық құпиясы» атты мақаласында («Қазақ тарихы» журналы, 1994, № 4) Ә.Марғұлан Ресей кітап қорларына түскен Оразмұхаммед сұлтанның кітапханасы жөнінде жазып, жалпы қолжазба мәдениетінің ортағасырлық қазақ қоғамына да тән болғандығына тоқталады: «Оразмәмбеттің (Оразмұхаммедтің) кітапханасында сақталған кітаптардың ең бағалысының бірі өзіне дос болған серігі, әрі атақты биі, көркем тілде қазақша жазатын жазушы Қадырғали Жалаиридiң шығармасы. Оның кітабы 1598 жылы жазылып біткен, әуелдегі аты қандай екені белгісіз. Жазудың бас-аяғы жоғалып кеткен... Кітапта ол Ресей патшасы Борис Федоровичке зор алғыс айтады... Шоқан оған зор ғылыми мән беріп, бұл қазақ тілінің жақсы бір мұрасы деп білген. Оның түсіндіруінше: «В отношении сведений о киргизах самое первое место занимает «Сборник летописей» издания Березина, замечательных тем более, что представляют единственные памятники прошедшей жизни казахов. Он написал в конце царствования Бориса Годунова... В нем степных уподоблений, поговорок бездна»... Оған бірінші көңіл қойған жазушы Абылғазы. Бұл кісі Қадырғалидың кітабын Есім ханның үйінде қонақ болып Түркістанда жатқанда оқыған болу керек. Есім — Тәуекелдің інісі, Оразмәмбеттің ағасы. Мәскеуден қазақ елшілері алып келген Қадырғалидың кітабы Тәуекелде, Есімде болуы айдан анық. Сондықтан бұл кітапты Абылғазы бір ғана Түркістан қаласында оқиды. Орта Азияда өзге қалаларда бұл кітап болмаған. Ресейде бұл кітапты жақсы білген П.И.Рычков, Н.М.Карамзин оның керек жерін пайдаланып отырған. Абылғазы оқып шыққан бұл кітаптың бір көшірмесін Ибрагим Халфиннің Френге жазуынша 1819 жылы Қазан университетінің кітапханасы сатып алады... Қадырғали араб, парсы, түркі, орыс тілдерін бірдей жақсы білген... Қадырғали Жалайыр тайпасынан шыққан қазақтың бірінші ойшыл ғалымы, жазушысы, өрнек қалдырған мәдениет мұрагері. Өзінің жазуында да Жалайыр тайпасын жоғары көтеріп ардақтаған. «Алаш мыңы арасында ұлығы тарақ тамғалы Жалайыр болған». Оның жазғандарын қазақ жазу мәдениетінің бірінші үлгісі деп тану керек» [9; 76].

Ә.Марғұлан академик Френнің сілтемелеріне сүйене отырып, Оразмұхаммед сандығында сақталып, кейін қолжазба түрінде түрлі кітап қорларына шашырап кеткен шығармалардың тізімін келтірген. Олар «Насап наме», «Дастан Едіге би», «Дастан Айсәулі Ямет», «Дастан Ақсақ Темір», «Сиыршы», «Дастан Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Тарих-и Рашиди» сияқты т.б. қолжазба кітаптар еді. Әлкей Хақанұлының пікірінше, «мұнда «дастан» деп аталған кітаптар тегісімен Қадырғали Жалаиридін жазғаны сияқты, соның стилине келеді» [14; 18].

1992 жылы Алматыда басылған С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтановтың «Казахстан: летопись трех тысячелетий» деген көлемді кітабы тұңғыш Қазақ мемлекетінің (1470–1718) 525 жылдығына арналған. Петербургтік ғалымдар осы кітаптағы тарихи оқиғаларды баяндау үшін Қадырғали би Қосымұлының еңбегіне он шақты рет жүгінген. Мысалы, жерге, таққа таласқан хан-сұлтандардың XV ғасыр басындағы қиян-кескі шайқасының дұрыс көрсетілгенін айта келіп: «В сочинении Кадырали бека говорится, что мангытский бий Кази Навруз сразился с Бараком. Барак хан погиб в этом сражении. Это утверждение Кадырали бека согласуется с рассказом автора «Умдат ат-таварих» ал-Хадж Абдал-Гаффара Кирими», — делінген [15; 209].

Қазақ хандығын күшейтуде айрықша рөл атқарған алғашқы хандарымыздың бірі — Қасымға («Қасым салған қасқа жол») байланысты деректер келтіргенінде де Петербург ғалымдары Шығыстың өзге де жылнамашыларымен бірге Жалаиридін еңбегіне сүйенген. Олар өз шығармаларының 224-ші бетінде мынандай қорытынды жасаған: «Специфику работы исследователя средневековой истории казахского народа во многом определяет в прошлом слабое распространение среди казахов письменности и книжного образования. Единственный известный пока исторический труд, созданный представителем казахского племени, — сочинение Кадырали бека, сына Хошум бека из племени джалаир, написанное в начале XVII в. и условно названное издателем И.Н.Березиным «Сборник летописей». Сведения Кадырали бека о Казахском ханстве XV-XVI вв. основаны на надежных местных источниках и могут указывать на существование в казахском обществе если не собственной письменной традиции, то живого интереса к генеалогиям и вопросам политической истории» [15; 224].

Соңғы жылдары қазақ ғалымдары мен жазушыларының күш салуы арқасында Жалаири еңбегі өз халқымыздың алтын қазынасына айналғанын айта кеткен жөн. Белгілі шежіреші Байұзақ Албани «Тарихи таным» атты кітабында былай дейді: «1600 жылы орыс патшасы Борис Годунов Оразмұхаммедті Қасымов ханы (Қасым патшалығы) етіп тағайындады. Сол кезде Қадырғали Жалайыриға да билік тиіп, 4 уәзірдің бірі болды. Елдің тарихын тереңірек зерттеуіне билігі де ықпал етті. Ол жырақта жүрсе де қазақ хандарының саяси-әлеуметтік жағдайларын, Қазақстанда рулық, патриархалдық-феодалдық қатынастардың қалыптасуы, хан төңірегіндегі сұлтандар мен карашалар, бектер мен хафиздер, т.б. жайында деректі мәліметтер жазып қалдырды. Автор жылнамада Шығыс елдеріне, оның шаһарларына шолу жасап, қазақ сахарасын мекендеген жалайыр, арғын, қыпшақ, қанды, найман, қоңырат, керейт, алшын, т.б. түркі ру-тайпаларына тарихи анықтама берді. Ол Рашид ад-Диннің парсы тіліндегі «Жамиғ ат-Тауарих» шежіре кітабына сүйене отырып, Шыңғысхан әулеті және оның өзі жайында аса мол деректер келтіреді, қазақ хандарының өмірбаянына тоқталады. Онда қазақ жері, оның қалалары, XIII–XVI ғғ. аралығындағы қазақ жеріндегі оқиғалар, қазақ хандықтарының ішкі-сыртқы жағдайлары, әлеуметтік топтар және қазақ жерін мекендеген ежелгі рулар бірлестігі жайында деректер бар.

Қ. Жалаиридін шежіресі — ертедегі қазақ тілінде жазылған тұңғыш тарихи шығарма. Ш.Уәлиханов бұл кітаптың аңыздан гөрі ақиқаты молырақ деп жазған» [16; 194].

Қадырғали би еңбегін зерттеудегі жасалынған ізденістердің нәтижесін «Қазақстан тарихы» жаңа басылымының бірінші томынан анық байқауға болады: «Өлкенің ортағасырлық тарихын жазу жөнінде Еуразия тарихнамасындағы алғашқы тәжірибелер XVII ғасырда жасалды. Жалайыр тайпасынан шыққан түрік тарихшысы Қадырәлі бек 1602 жылы ауызша айтылып келген тарихи аңыздар мен Рашид ад-Диннің тарихи жинағы негізінде «Оқиғалар жинағы» деген еңбек құрастырған, онда монғол шапқыншылығынан кейінгі қыпшақ даласында болған оқиғалар суреттеледі» [17; 45].

Соңғы кездері Қадырғали Жалаиридін еңбегін тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қойгелдиев арнайы зерттеп жүр. Ғалым өз ойын «Қадырғали би Қосымұлы және оның «Жылнамалар жинағы» атты монографиясында (Р.Сыздықовамен бірге жазылған) былайша түйіндейді: «Қадырғали би еңбегі — ортағасырлық түркі жазба тарихының дәстүрі арқасында өмірге келген еңбек. Сондай-ақ Қадырғали би — сол тарихи кезеңдегі мәдени дамудың деңгейі мен сипатына сай жазба тарихпен қатар, жатқа тарих айту дәстүрін де жақсы меңгерген автор. Ал ол өмір

сүрген тарихи кезеңде көшпелі түркі қоғамдарында қоғамдық-мәдени құбылыс ретінде ауызша тарих айту дәстүрінің гүлдеу дәуірі еді. «Жинақта» берілген шежірелік материалдар, түркі халықтары арасында кең тараған Едіге жайлы эпостан үзінді, пайдаланылған мақал-мәтелдер соның айғағы. Міне, осы тұрғыдан алғанда Қадырғали би еңбегі — жазба және ауызекі тарих айту дәстүрлерінің өзара ықпалының тамаша көрінісі. Сондықтан да еңбекке белгілі бір тарихи кезеңде қатар даму алған осы екі дәстүрдің бірдей үлгісі ретінде қарау оның деректік сапасын тура бағалауға көмектесері даусыз.

«Жинақтың» астарлы ойы, жазу стилі, көркем тілі оның авторының таланттан құр қол еместігін, заманында қазақ қоғамында белгілі би, халықтың жүріп өткен жолын жақсы білген шежіре адам болғандығын білдіреді. Сондай-ақ Қадырғали бидің өзі өте жақсы меңгерген ана тілі түркіден басқа, парсы тілін біршама жетік, ал араб, орыс тілдерін де білгендігі байқалады. Міне, осы қасиеттер оған тайпалық одақтан халықтық бірлік жолына түскен қазақ қоғамының алғашқы жылнамашыларының бірі болуға көмектесетіндігі сөзсіз. Академик Ә.Марғұланның сөзімен айтсақ, Қадырғали бидің еңбегі — қазақ жазба мәдениетінің алғашқы үлгісі. Оның артында қалдырған мұрасы осындай қорытындыға негіз бола алады» [1; 36].

Жоғарыда келтірілген деректерді қорытындылай келе айтарымыз, соңғы жылдары көптеген зерттеушілердің күш салуы арқасында Қадырғали Жалаиридің еңбегі өз халқымыздың алтын қазынасына айналғанына өте қуаныштымыз. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді», — дейді дана халқымыз. Барды бағалау, қолдағы асылды жоғалтып алмау — ең абыройлы міндет деп санасақ, аталмыш туынды — сол асылдың көзі, алтынның сынығы.

#### *Жалаиридің Қасым қаласындағы зираты туралы деректер*

Қадырғали Жалаиридің сүйегі — сонау Мәскеуден 280 шақырым аралықта орналасқан Қасым қаласында. Ол — Ока өзенінің бойындағы, ертеден бар қала. Бұл қала мешеряктар (ел) қаласы деп саналатын. Шығыс халықтары «Жермен» деп кеткен. Бұл — жақсы бекіністі қала. 1265 жылы осы қалада Александр Невский қайтыс болған. Ал, 1471 жылдан бастап Қазаннан барған бір сұлтанның есімімен Қасым қаласы, немесе Қасым хандығы, деп аталып кеткен.

Орыс зерттеушілері Е.В.Михайловский, И.В.Ильенко «Рязань. Касимов» атты кітапта мынадай мәліметтер ұсынады: «Город стоит на левом берегу Оки на высоких холмах, изрезанных оврагами. Река изгибается в этом месте в виде большой петли и имеет ширину около 380 м.

Как выглядел город в XV в., сейчас представить трудно. Но известно, что вокруг его деревянной крепости, ограниченной с севера и юга глубокими оврагами, до сих пор существующими, располагались слободы: за южным оврагом на Татарской горе — Татарская, дальше, по направлению к речке Бабенке и старому Городцу, — Пушкарская и с восточной стороны вдоль дороги на Владимир вытянулась Ямская. От этого времени в городе сохранилось лишь одно сооружение — толстая круглая башня-минарет, которая была возведена вместе с мечетью вблизи дворца царевича Касима в 1467 г. на Татарской горе. Все постройки, как и минарет, были сложены из известняковых блоков.

Мечеть по указу Петра I в 1702 г. была разобрана, но минарет остался. Долго татарам не давали восстановить ее. Только в 1768 г. после разрешения Екатерины II мечеть стали строить вновь из белого камня на старом основании. Остатки этой древней кладки видны в нижней части ее первого этажа; в XIX в. над ней был надстроен из кирпича второй этаж с большими прямоугольными окнами...

Вблизи мечети стоит м а в з о л е й (по-татарски — *текие*) Шах-Али-хана, построенный в 1555 г. Это небольшое сооружение простой прямоугольной формы с низким белокаменным сводом тоже сложено из блоков известняка...

Третий памятник татарской архитектуры — мавзолей Авган-Мухаммед-султана построен в 1649 г. на татарском кладбище, раскинувшемся с южной стороны речки Бабенки, на восточной окраине Старого посада, где жило в XVII в. почти только русское население.

В 1622 г. хивинский хан Ильбарс-султан отправил младшего брата Авган-Мухаммед-султана к старшему брату Хабаш-султану, чтобы тот умертвил его. Но Хабаш-султан сжалился над одиннадцатилетним мальчиком, и Авган-султан тайно был вывезен из Хивы русским послом к московскому царю, где нашел защиту и получил образование. Позже он получил Касимовский удел «в кормление» и до своей смерти служил русскому царю. Умер Авган мухаммед-султан в Москве в 1648 г. Его жена Алтын-ханым перевезла его в Касимов и построила здесь над его могилой мавзолей — небольшое прямоугольное сводчатое здание из кирпича. Оно украшено тесаными деталями и рельефными изразцами, покрытыми желтой, зеленой и коричневой глазурью» [18; 204, 205].

Қасым қаласына баба әруағына тәу етіп барушылар онда мұражай ашылғанын зор қуанышпен хабарлайды. Шығыстанушы, профессор Сайлау Батырашұлы «Қадырғали Жалайыри зираты Ресейдің Рязань облысындағы Қасымов қаласында жатыр» деген мақаласында осы деректі былайша нақтылай түседі: «Осы уақытқа дейін Қадырғали бидің жатқан жері белгісіз болып келді. Соны анықтау үшін 2005 жылы 15–20 қазан күндері халықаралық «Қадырғали би Жалайыри» қоры ұйымдастырған арнайы топ Мәскеуге және Ресейдің Рязань облысындағы Қасымов қаласына іссапармен барып қайтты. Топ құрамында Д.А.Қонаев атындағы университеттің ректоры Өмірәлі Қопабаев, Сыртқы істер министрінің кеңесшісі қызметін атқаратын, осы жолдардың авторы және көне қолжазбалар маманы Шафиғи Максұт болды.

Арнайы ұйымдастырылған сапардың негізгі мақсаты — XVI ғасырда өмір сүріп, түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының сол дәуірдегі ата тарихын хатқа түсіріп, артына өшпес мұра қалдырған тарихшы, ғұлама Қадырғали би Қосымұлы Жалайыридың (1530–1605) жерленген орнын тауып, анықтау болды. Сонымен бірге Ресейдегі Мәскеу, Рязань мұрағат қорларынан осы тұлғаның өміріне қатысты және қалдырған мұрасы жайлы деректер мен мағлұматтарды жинау еді...

XV ғасырда бұл жер Мәскеу князьдігінің құрамына енеді. Мәскеу князі Василий II Қазан ханзадасы Қасымның құрметіне бұл қаланың атын «Касим қаласы» деп өзгертіп, Мәскеу князьдігінің шығыс жақ шетінде, орыс патшасының қолтығының астындағы «Қасым хандығын» құрады. 1471 жылы қала ресми түрде «Касимов» болып аталады. Содан бері де талай замандар өтіп, қала өзгеріп өсіп, Ока өзенінің жоғарғы жағына қарай ауысады. Ал ескі қоныстағы («Старый посад») мұсылмандар зираты сыртта қалады. XX ғасырдың басына дейін осы зиратта көптеген құлпытастардың болғаны туралы жазбалар және көзі көрген адамдар бар. Бір деректе 20-жылдары осы құлпытастардың ішіндегі Қадырғали би Жалайридің аты жазылған тасты жергілікті тұрғынның қорасынан көргенін зерттеуші жазған. Бірақ ол тастың кейінгі тағдыры белгісіз.

Бұл зират ұзақ уақыт қоршаусыз, қорғаусыз қалғандықтан, әлгі айтылған құлпытастардың қазір көбісі жоғалып біткен. Кеңес Одағы уақытысында дінмен күресеміз деген сылтаумен Қасым хандығындағы мұсылман мешіттері қиратылған. Зираттың үстіне шөп шығып, ол жерлер мал жайылымына айналып кеткен. Дегенмен, бұл орында тарихтың куәсіндей болып белгі қалыпты. Ол — Авған мұхаммед сұлтанның кесенесі. Мұны жергілікті татарлар текие деп атайды екен.

Авған мұхаммед XVII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Хиуа ханы Араб-Мұхаммед ханың баласы. 1621 жылы Хиуада таққа таласу күресінде Араб-Мұхаммед хан жеңіліп, басына ауыр күн туған кезде 11 жасар Авған-сұлтанды орыстың өкілі аманатқа алып кеткен. Ер жеткен Авған-сұлтан Мәскеу патшасына қызмет етеді. Ол 1648 жылы қайтыс болады. Сұлтанның мәйітін әйелі Алтын-ханым Қасымов қаласына алып келіп, жерлейді. Басына қызыл кірпіштен салынған кесене тұрғызады. Сол заманда Ресей аумағында тұратын белгілі мұсылмандар, бектер, сұлтандар о дүниелік болғанда, жерлейтін жері Қасым хандығының орталығы болатын.

Біз көне жазбаларға, архив материалдарына және естіп, білген мағлұматтарымызға сүйене отырып, Қадырғали би Қосымұлы Жалайыри осы қорымда жерленгені анық деген байламға келдік. Бұл тұжырымды Рязань облыстық мұрағат директоры Татьяна Синельникова, Қасым хандығын зерттеуші ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты Александр Беляков, Қасымов қаласы өлкетану мұражайының директоры Марина Горожанова да мақұлдады. Ендеше, осы жерге белгі тас қоюға тура келді. Бірақ тағы да ойланатын мәселе туды. Сонда ескерткіш тасты зираттың қай жеріне қоямыз? Ақыры құлпытасты кесененің ішіне Авған-сұлтанның және 5 ханзадалардың құлпытастары қатарына қойғанымыз жөн болар деген байламға келіп, ұсынысымызды жергілікті билікке жеткіздік. Қала басшылары, мұсылмандар имамы М.Сейфоллаұлы мұны бірауыздан құптады. Олардың айтуынша, ескерткішті жасап қою үшін кемінде жарты айға жуық уақыт керек. Бізде үш тәулік қана уақыт қалған. Сондықтан топ мүшелері олардың бұл ұсыныстарын мақұл көріп, жұмысты тапсырып кетейік деді. Алайда жұмысшыларға артық ақша төлеп, мен күн, түн демей жұмылып, ескерткішті бабамыздың басына қойып, бір-ақ елге қайтамыз деген талап қойдым. Мұны білген Қасымов қаласының Дума депутаты Сергей Васин және коммуналдық шаруашылықтың бастығы 20-дан астам инженер, жұмысшы, шеберлері бар құрылыс бригадасын тәулік бойы жұмыс істетті. Тас туралы әңгіме болғанда Алматының мәрмәрі немесі гавр әкеліп қойсақ деген ойда болғанбыз. Сөйтсек, осы жерде Ока өзенінің бойынан бозғылт түсті ақ тасты құрылыс материалы ескерткішке пайдаланады екен. Қалада тас өңдейтін зауыт және бірнеше шеберхана бар. Біз де осы тастан ескерткіш жасауды жөн көріп, аталмыш зауытқа барып, үлкен, салмағы жарты тоннадан асатын тасты кестіріп алдық. Оны кесененің ішіне апарып кіргізіп, Авған сұлтанның құлпытасының қабырға жақ қатарына дәл

сондай етіп орнаттық. Ақ тастың бетіне Құран Кәрімнен: «Бисмиллаһи Ар-Рахмани Ар-Рахим» деп жаздық, ал төменірек араб және қазақ әрпімен «Қадырғали би Қосымұлы Жалайыри». 1530–1605. Құлпытасты қойған «Қадырғали Жалайыри» қоры. Қазақстан. 20.10.2005» дедік [2; 4].

Сонымен, ұзақ жылдар бойы жүргізілген ізденістердің нәтижесінде Қадырғали Жалаиридің Қасым қаласында жерленгені, қашан және қалай қайтыс болғаны белгілі болып отыр.

### Түйін

Қадырғали Жалаириден бұрын, бұдан да басқа қазақ тілінде қолжазба кітаптар болды деген тарихи мағлұматтар бар. Бірақ ол ескерткіштер әлі табылған жоқ. Сондықтан да, әзірше қолымызда бар деректерге сүйене отырып, XVI ғасырда таза қазақ тілінде тарихи еңбек жазған Қадырғали Қосымұлын — қазақ тіліндегі жазба шығармалардың бастаушысы деуге болады.

Қадырғалидың тарихи еңбегінің ғылыми жұртшылыққа белгілі болғанына бір ғасырдан артық уақыт өтті. Бірақ оқушылардың көпшілігі күні бүгінге дейін қазақ тіліндегі тұңғыш тарихи шығарма, жазба ескерткішті қалдырған адамның кім екенін, оның еңбегінің халқымыздың мәдени тарихынан алатын орнын жете білмей келді. Тіпті ғылыми жұмыспен шұғылданып, қазақтың тарихы, тілі және әдебиетін зерттеп жүрген кейбір оқымыстыларымыздың өздері де бұл авторға және оның еңбегіне соңғы уақытқа дейін жеткілікті назар аудармады. Сол себептен де Қадырғали Жалаиридің есімі ұмытылуға тақалып, өзінің тарихта алатын орнына ие бола алмады.

Осы жағдайды ескере отырып, Қадырғали би Қосымұлының «Жамиғ ат-Тауарих» («Шежірелер жинағы») еңбегінің жазылуына 400 жыл толуына орай өткізілген конференцияда қазақтың майталман жазушысы М.Мағауин «Ұлы тарихшы, ұлы қолбасшы» тақырыбына көсіле баяндама жасады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде: «Бүгін Ұлыстың Ұлы күні, қазақ тарихының Ұлы күні, 400 жылдан соң бабамыздың бағалы еңбегімен ұрпағы етене қауышты. Соңғы 40–50 жыл бойында тарихқа, әдебиетке, мәдениетке қатысты көп түсінікті қайта қарау керек деп ұғамын. Айталық, би ұғымы біздің бабамыздың заманында ел билеуші, князь деген мағынаны білдірген. Оның мәнін жойған патшалық өкімет қой. Демек, біздің Қадырғали би бабамыз кезінде Сібір хандығын жайлаған халықтың ішінде ел билеушісі болған. Қадырғали Жалаири — қазақ халқының деңгейін көрсететін биіктік. Оның заманында халықтың санасы да күшті еді. Мен оның есімін Алматыдағы ұлттық кітапханаға беру қажет деп есептеймін», — деген ұсыныс жасады [3; 16].

Келешекте ұлы бабамыз Жалаиридің «Жамиғ ат-Тауарих» еңбегі әлі де толық зерттеулерді қажет етеді. Өйткені бұл туынды — тұнып тұрған байлық. XII ғасырдың басынан бергі қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайларын зерделей білген Қадырғали бабамыздың есімі алдағы уақытта жарқырата көрсетуге тұрарлық есім.

Сөз соңында айтарымыз, кәйткен күнде де Қадырғали би Қосымұлы Жалаири сынды ұлы ғұламаларымыздың бар екенін бағалай білейік, ағайын!

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның «Жылнамалар жинағы». — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1991. — 272 б.
- 2 Батырашұлы С. Қадырғали Жалайыри зираты Ресейдің Рязань облысындағы Қасымов қаласында жатыр // Егемен Қазақстан. — 2008. — 22 қаңт. — 4-б.
- 3 Алоабергенова М. Қадырғали Жалаири // Парасат. — 2008. — № 2. — 15, 16-б.
- 4 Мұсылман ғалымдары / Баспаға әзірл. Д.Тоқмырза. — Алматы: Шапағат-Нұр, 2006. — 104 б.
- 5 Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2006. — 768 б.
- 6 Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). — Алматы: Рауан, 1995. — 240-б.
- 7 Қазақ Совет энциклопедиясы. Т. 7 / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Сов. энцикл. Бас ред., 1975. — 648 б.
- 8 Ұмытылмас есімдер / Құраст. Б.Ысқақов. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 224 б.
- 9 Тоғысбайұлы Б. Жылқының жалын, жаудың жағын айырған // Жұлдыз. — 1996. — № 4. — 64–93-б.
- 10 Умарова Г.С., Шарабасов С.Ф. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Астана: Фолиант, 2007. — 244 б.
- 11 Тоғысбайұлы Б. Тарихтың ашылмаған беттері. — Астана: Елорда, 2001. — 304 б.
- 12 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. — Алматы: Жазушы, 1985. — 560 б.
- 13 Жалайыр Ж.Қ. Қадырғали Жалайыр есімін ұмытпайық // Жұлдыз. — 2001. — № 7. — 156, 157-б.
- 14 Қойгелді М. Қазақ тарихына қатысты зерттеулерінде Мұхаммед Хайдар Дулати мен Қадырғали Жалайыридың еңбектеріне сүйенген / Академик Әлкей Марғұлан (1904–1985) // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2013. — № 1(61). — 18-б.
- 15 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. — Алма-Ата: Рауан, 1992. — 379 с.

- 16 Албани Б.Қ. Тарихи таным: ежелгі халықтар, тайпалар, рулар, жер жұтқан қалалар. — Алматы: Ататек, 1994. — 400 б.
- 17 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): Төрт томдық. — 1-кіт. — Алматы: Атамұра, 1996. — 544 б.
- 18 Михайловский Е.В., Ильенко И.В. Рязань. Касимов. — М.: Искусство, 1969. — 240 с.

Р.С.Каренов

### **Кадыргали Жалаири — выдающийся казахский историк средневековья, известный бий и государственный деятель**

В статье описана научная и государственная деятельность гениального казахского ученого и бия, жившего и творившего в XVI столетии. Дана подробная оценка его главному произведению, в котором впервые обобщаются на государственном языке исторические события в Казахской степи в средние века. Проанализированы труды отечественных и зарубежных ученых, посвященные изучению личной жизни, научной и государственной деятельности Кадыргали Жалаири.

R.S.Karenov

### **Kadyrgali Zhalairi — the outstanding Kazakh historian medieval, known bi and statesman**

Scientific and state activity of the ingenious Kazakh scientist and bi, living and creating in XVI century are described. The detailed assessment is given to its main work in which historical events in the Kazakh steppe in the Middle Ages are for the first time generalized an eyelid in a state language. It is analyzed the works of domestic and foreign scientists devoted to studying of private life, Kadyrgali Zhalairi's scientific and state activity.

#### References

- 1 Syzdykova R., Koygeldiev M. *Kadyrgali bi Kosymuly and his collection of records*, Almaty: Kazakh University Publ., 1991, 272 p.
- 2 Batyrashuly S. *Egemen Kazakhstan*, 2008, January, 22, p. 4.
- 3 Aldabergenova M. *Parasat*, 2008, 2, p. 15–16.
- 4 *Scholars of the Islamic world / Print prepared by D.Tokmurza*, Almaty: Shapagat-Nur, 2006, 104 p.
- 5 *History of Kazakhstan. Encyclopedic Reference*, Almaty LLP, «Aruna Ltd», 2006, 768 p.
- 6 Derbisaliev A. *Luminary of Kazakh steppe (historical and philological research)*, Almaty: Rauan, 1995, p. 204.
- 7 *Kazakh Soviet Encyclopedia. Vol. 7 / Ed. M.K.Karataev*, Almaty: The main edition of the «Kazakh Soviet Encyclopedia», 1975, 648 p.
- 8 *Unforgettable names / Compiler Iskakov*, Almaty: Kazakhstan, 1994, 224 p.
- 9 Togysbayuly B. *Zhuldyz*, 1996, 4, p. 64–93.
- 10 Umarova G.S., Sharabasov S.G. *History of Kazakh literature: The textbook*, Astana: Foliant, 2007, 244 p.
- 11 Togysbayuly B. *Unsolved pages of history*, Astana: Elorda, 2001, 304 p.
- 12 Ualikhanov Sh. *Favorites*, Almaty: Zhazushy, 1985, 560 p.
- 13 Zhalair Zh.K. *Zhuldyz*, 2001, 7, p. 156–157.
- 14 Koygeldi M. *In the study relied on the history of the Kazakhs works Mohammed Haydar Dulati and Kadyrgali Zhalayyri / Academician Alkei Murgulan (1904–1985) // Stellar family: a legendary figure*, 2013, 1 (61), p. 18.
- 15 Klyashtorny S.G., Sultanov T.E. *Kazakhstan: chronicle three millennia*, Alma-Ata: Publ. «Rauan», p. 379.
- 16 Albany B.K. *Knowledge of history: ancient peoples, tribes, genera, missing without a trace of the city*, Almaty: Atatek, 1994, p. 400.
- 17 *History of Kazakhstan (from ancient times to the present day)*. Four vol. Vol. 1, Almaty: Atamura, 1996, 544 p.
- 18 Mikhailovsky E.V., Ilenko E.V. *Ryazan. Kasimov*, Moscow: Iskustvo, 1963, 240 p.